

Ермек Өтетілеуұлы

БАЛАСТАН

Таңдамалы
өлеңдер мен тақпақтар,
мазақтама, сықақтар,
санамақтар, сабақтар,
мысал, аңыз, жұмбақтар

Алматыкітап баспасы
2013

УДК 821.512.122-93
ББК 84 Қаз 7-5
Ө 87

Өтетілеуұлы Е.
Ө 87 Баластан. Таңдамалы өлеңдер мен тақпақтар, мазақтама, сықақтар, санамақтар, сабақтар, мысал, аңыз, жұмбақтар – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013. – 320 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-1057-1

УДК 821.512.122-93
ББК 84 Қаз 7-5


ISBN 978-601-01-1057-1

© Өтетілеуұлы Е., 2013
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2013



**Өлеңдер мен
тақпақтар,
мазақтама,
сықақтар**





Өкінбен, қалам домалап,
Қолдан түсер кезінде:
«Өнбеді, – деп, – өнерім»,
Қазақтың қара домалақ
Балалары есінде
Қалса болды өлеңім.

Автор

БАЛАЛАРҒА ЖАЗАМЫН

Балдай бала тілінен
Әр кез ләззат аламын.
Содан болар,
Кім білген:
Қолда барда қаламым,
Балаларға жазамын.


Балаларға жазамын
Жырдың түрлі нұсқасын:
Қабыл алмай жаманын,
Тек тәуірін ұстансын –
Содан тілін ұштасын.

Балаларға жазамын,
Түрлі өнерді игерсін:
Таудай болып талабы,
Жақсылықтан үйренсін,
Жамандықтан жиренсін!

Балаларға жазамын,
Ойнасын да, күлсін деп:
Басқан сайын қадамын,
Оңы, солын білсін деп,
Ойға тоқып жүрсін деп.

Балаларға жазамын
Өлең түрін саралап:
Бесік жырын,
Санамақ,
Тұсаукесер,
Жаттамақ.






Ермек өлең,
Бар тақпақ,
Әзіл өлең
Әрі сықақ.
Мадақтама,
Ән-өлең,
Мазақтама
Ойын мен.
Аңыз,
Мысал,
Ертегі,
Өтірік те бар, тегі.
Және де ешкім жалықпас!
Жұмбақ пенен жаңылтпаш.

Өлең түрін қалаған
Сіңірсін деп санаға,
Мен жазамын балаға
Хат тануға жараған.
Ал сәби деп саналған:
«Құлыншаққа»,
«Ботаға»
Өлеңімді ұнаған
Оқып бергей,
Әпке-аға,
Оқып бергей,
Ата-ана!





ТӘЙ-ТӘЙ!


Бөпем бүгін қаз басты,
Тәй-тәй!
Көп-көп емес, аз басты,
Тәй-тәй!
Өзі мәз боп күледі,
Тәй-тәй!
Әлі-ақ тез-тез жүреді,
Тәй-тәй!



«БАЛАСТАН»

Ғажап ел бар әлемде,
Іздеме оны картадан:
Тұрғындары әр жерде,
Ішінде жоқ қарт адам.
Олар – сәби, бүлдіршін,
Мейіріңді қандырған.
Олар – мейлі, бүлдірсін –
Сүйікті жан – балдырған.
Ақшыл,
 Қаралар,
 Сары,
Болғанымен дара олар,
Бәрі бірдей –
Балалар
Әулеті боп саналар.
Бәрі бірдей – аңғалдар,
Шеттерінен – «мылжыңдар».





Бәрі бірдей – адалдар,
Шеттерінен – «шолжыңдар».
Бәрі бірдей – батылдар,
Шеттерінен – «білгіштер».
Бәрі бірдей – батырлар,
Шеттерінен – «жеңгіштер».
Бірдей олар күлкісі,
Жанға шуақ төгетін.
Бірдей олар ұйқысы,
Ғажап түстер көретін.
Балалар ол –
Ертеңгі
Әлем халқын құратын.
Әзірге
Елде – ертегі
Қамсыз, мұңсыз тұратын.
Ақшыл,
Қаралар,
Сары,
Болғанымен дара олар –
Бір елдік боп саналар –
«БАЛАСТАН» деп аталар.

ТАУДАЙ БОЛ! (Ата тілегі)

Айналайын, балашым,
Аман болсын анашың!
Аман болсын әкең де,
Атаң менен әжең де,
Ағатайың, төтең де.
Өзің тәтті балдай бол,
Өсіп-өсіп, таудай бол!
Өмір жолын таңдай біл!
Оқуда зерек бол,






Ұйқыда сергек бол!
Істе көсем бол,
Сөзде шешен бол!
Сында әділ бол,
Тойда сәнді бол!

БӘРІ-БӘРІ СЕН ҮШІН! (Ана әлдиі)

Айналайын, бөпешім,
Аппақ айдай көкешім,
Бәрі-бәрі сен үшін –
Сен қымбатсың мен үшін!
Саған дала, орманның
Жемісі мен гүлдері,
Құс пен түлік, аңдардың
Түрлі-түрлі үндері.
Сенің үшін, балақан:
Шиқылдайды балапан,
Маңырайды қошақан,
Мөңірейді бұзауқан,
Кісінейді құлыншақ,
Боздайды ұзақ ботақан.
Мияулайды мысығың,
Абалайды күшігің.
Қаңқылдайды аппақ қаз,
Шақырады ақ қораз.
Сенің үшін тоғайда:
Шырылдайды торғай да,
Сайрайды әнші бұлбұлдар,
Құрқылдайды шіл, құрлар.
Шықылықтап сауысқан,
Қарқылдайды қарғалар,
Бытпылдықтап бөдене,
Тыраулайды тырналар.





Ызындайды бөгелек,
Дігілдейді дегелек,
Безектейді безгелдек,
Әупілдейді әупілдек.
Ызылдайды аралар,
Шуылдайды ұларлар.
Үілдейді үкілер,
Шәуілдейді түлкілер,
Шаңқылдайды күзендер.
Гүрілдейді өзендер,
Сыбдырлайды құрақтар,
Сылдырлайды бұлақтар.
Сенің үшін, балақай,
Көкте күліп күндіз күн,
Түнде аспанда қалқиды ай.
Бәйек болып күн ұзын,
Мен де отырмын қалғымай...
Бәрі-бәрі сен үшін –
Сен қымбатсың мен үшін!



САУЫСҚАН (Бесік жыры)

Қара, қара, қара тау,
Қара тауда тұр отау.
Отау аппақ киізден,
Өрнегі бар мүйізден.
Есігі бар екі жар,
Алдында оның жеті нар.
Нарға келіп жабысқан
Ала қанат сауысқан
Ысқырықта ойнайды,
Ойынға бір тоймайды,
Кешке дейін қоймайды.



Кейде қатты ысқыртып,
Кейде нәзік сызылтып –
Тоқсан түрлі құбылтып,
Құстар әнін салады...
Жатқан ұйып, пысықырып,
Құлын ұйықтап қалады.

БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди, әлди, бөпешім,
Өзір титтей көкешім,
Ертең-ақ ержетерсің,
Сонда кім болар екенсің?

Жиреншедей сөз қуған
Шешен болар ма екенсің?
Абылайдай өз туған
Көсем болар ма екенсің?





Бөгенбайдай ерен ер,
Батыр болар ма екенсің?

Ұлы Абайдай кемеңгер
Ақын болар ма екенсің?
Шоқандайын жаһангер
Ғалым болар ма екенсің?
Ыбырайдай тәлімгер
Мұғалім болар ма екенсің?

Құрманғазы дүлдүлдей
Күйші болар ма екенсің?
Үнің Әміре үніндей
Әнші болар ма екенсің?
Шәмшідейін – ән гүлі,
Сазгер болар ма екенсің?

Әлде халық сенетін,
Ел басқара білетін –
Президент болар ма екенсің?
Кім болсаң да, міндетің –
Адам болу, көкешім,
Әлди, әлди, бөпешім!

ТҮСАУКЕСЕР

Шыққан сәттен бесіктен
Алға ұмсындың, балам, сен.
Еңбектедің есіктен
Төрге қарай, талмай сен.

Өз бетіңмен бойды ұстап,
Енді тұра аласың:
Жерді басып, із тастап,
«Қара табан» боласың.



Өз бетіңмен бағымдап,
Бет алдыңды көресің.
Әлі-ақ тездеп адымдап,
Үлкендерге ересің.

«Сонда құлап, сүрініп
Жүрмесе екен», – десеміз:
Салтымызбен ырым қып,
Тұсауыңды кесеміз.

«Ала жібін біреудің
Аттамайтын адал бол,
Арам іске біреуді
Аттатпайтын адам бол!» –


Деген тілек-жора ғып,
Дайындаған анамыз
Шуда жүнді ала жіп
Екі-үш қарыс аламыз.

Ауылда кім «желаяқ»
Және пысық, білеміз,
Сол әйелге «қолдыаяқ»
Әлгі жіпті береміз.

Ол «тұзақты» қолға алып,
Шаруаны жайлайды:
Сені ортаға шығарып,
Екі аяқты байлайды,
Байлап болып,
Ізінше
Негізгі іске көшеді:
Тұрған жұрттың көзінше
Тұсауыңды кеседі.



Сен «тұзақтан» құтылып,
Алғаш қадам басасың.
Тәлтіректей ұмтылып,
Анаң жаққа асасың.



Осылайша басталар
Тұңғыш сапар өмірде.
Сондықтан да сақталар
«Тұсаукесер» көңілде.

БӘРІНЕН ҚЫМБАТТЫ

Аюға – қонжығы,
Барысқа – шөнжігі,
Құланға – қодығы;
Бақаға – «балпағы»,
Қарғаға – «аппағы»;
Көгілдір – аққуға,
Бөлітірік – қасқырға;
«Жұмсағы» – кірпіге,
Жаутаңы – түлкіге;
Түлегі – бүркітке,
Бұзауы – керікке,



Құралай – киікке,
Жас лағы – елікке;
Бұғышақ – бұғыға,
Құнайы – құндызға;
Құлыны – биеге,
Ботасы – түйеге,
Қозысы – саулыққа,



Шөжесі – тауыққа,
Мыршайы – мысыққа;
Шошқаға – торайы,
Тырнаға – «сорайы»;
Қоянға – көжегі,
Анаға – бөбегі –
Бәрінен сымбатты,
Бәрінен қымбатты!



ӘЛДИ, ӘЛДИ, ҚУЫРШАҚ!

«Әлди, әлди, әлди!» – деп,
Әндетемін әлдилеп.
Қуыршағым, ұйықта,
Демалуды ұмытпа.
Бесік жырын айтайын,
Ойша барып қайтайын.
Орман менен далаға,
Алыстағы қалаға.
Даладан көп гүл тердік,
Саған әкеп біз бердік.
Орманда көп жемісті
Аң мен құстар терісті.
Өзімізге алмадық,
Бәрін саған арнадық.

